

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ ТҮЛГАСЫНЫң ЕРЕКШЕЛІГІ

Әлемде кіші халықтар жоқ, ұлы әдебиеттің барлығы – көбін мізге мәлім бір ақықат. Белгілі бір ұлттың арман-мұддесі, барша рухани өмірі, қуанышы мен қасиеті әдебиет арқылы көрініс табады. Әдебиет – сол халықтың ар-ұжданы, өркениетті адамзат алдындағы сән-түлғасы, тарихтың қатал сыннынан қаймықпай өтетін киелі мұрасы.

Орыстар үшін Пушкин, өзбектер үшін Науай, итальяндықтар үшін Данте қандай касиетті санаңса, Абай есімі – жер жүзіндегі түбі бір, түгел қазақ үшін Алатаудай асқақ, Шыңғыстаудай құдіретті! Ол – жалпы адамға тән қымбат ақиқатты өз елінің тыныс-тіршілігінен тауып, күлте-жалын келістіре жырлай білген шын мәніндегі ұлттық ақын, тізе қағыстырадар теңдесін кезіктіре берместей терең ойшил. Абай орыс әдебиеті үшін «алтын ғасыр» саналатын XIX ғасырдың екінші жартысында (1845-1904) ғұмыр кешті. Әлемдік көлемдегі көркем ой мен философиялық танымның үздік үлгісін ақын орыс әдебиеті мен орыс тілі арқылы танып білді. Төл әдебиетіміз бен шығыс шайырларының озық дәстүрін еркін менгерген Абай Батыс елдерінің мәденистінен сузындауға құмартты. Еуропа суреткерлерінің тәекаппар даналығы мен жазу өнеріндегі «кестенің бізіндей» сан қыыр өрнектерден тағылым алуға бар бейілін аударды. Ұлы қаламгер өзінен бұрынғы талантты тау суындағы тасыған әйгілі жыраулар мен айтыс өлеңнің тенселе басқан дүлдүлдеріне бейтаныс асудың қиясына шығып, топшысы берік қанатқа қайыспас, таймас тұтыр ізделген еді. Қыр елінде оқыған, сауатты, тілге де, ойға да жүйрік ақындар бар болатын. Бірақ талғампаз тағдыр қазақ жырының мұзарт шыңына Абайды ғана көтерді. Демократ ақын, сырлы-қүйлі сазгер, философ, педагог, психолог Абайдың аса бай шығармашылық мұрасын тауыса талдау мүмкін емес. Алайда оның қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап, лирикалық өлеңдері мен эпикалық поэмаларында реализм қайнарының көзін ашып, көмейін кеңіткені, бұл туындыларда дидактикалық сарын

өзгеше сергек философиялық ұйғарыммен, белгілі сюжеттік арналар жаңа композиция, тың идеялық тұғырнамалармен біте қайнасып, тұтас жонданып жатқанын атап айтту шарт. Абай «қара сөздері» философия мен психология, эстетика мен педагогика ғылымдарына қадірлі олжа қосты. Абай сонымен бірге ұлттық әдебиетіміздегі проза жанрына ауыздық салып, оны жүгендікүрыққа үрретті. Абай өз өлеңдеріне арнап әуен түзді, ол әуен әдеттегі таныс макамнан басқаша күйге бейім болды. Өйткені Абай сазынан алыс әлемнің сан сала даусына тән ырғақ, нақыш байқалды. Ол жұрттың бәрінен бұрын Гете, Гейне, Пушкин, Лермонтов, Крылов жырларын қазақ тілінде сөйледті. Олар неміс, орыс боп кекірейп түрмады, қазақтың елтірі тымсағын киіп, кең күпісіне оранып шыға келді. Бірақ ұлттық түр-кескінінен айырылған жоқ.

Абай қазақ өлеңінің құрылымына түбірлі өзгерістер енгізді. Жаңа ырғақ, ұйқас, буын, сөз орамдары қысыны тауып, дүниеге келді. Ата қазақтың силлабикалық өлеңі тотықұстай түрленіп, салқын самал жұтқандай тың кейіппен жұтынып шықты, ерекше тартымды әуезділік танытты. Соңғы кезде Абай есіміне сабактастырып, қазақ әдебиетіндегі қайта өрлеу дәуірі туралы сөз естіле бастағаны мәлім. Бұл – ең алдымен, ақын жырларының мазмұнына қатысты пікір. Замандастарының сөзіне қарасақ, Абай жазған, сызғаның қайта көшіріп, үзбей жинастырып жүрмеген. Айналасындағы дос-жар ағайын ести сала, жаттап алатын болған. Ой орманындағы дара данышпан үшін поэзия бұл дүниенің күрмеуі қыын, шешуі жоқ күрделі мәселелерін толғайтын жан күйігі іспепті еді. Абайға дейін де небір күміс көмей, жez таңдай ақын-жыраулар қамкөңіл елдің мұңын мұңдалап, батыр ұлдың, ақылды ханның ұлағатын асыра дәріптеумен халыққа жаққан. Қыр баласына әйгілі қатыгез де әділ, парасатты аға сұлтан Құнанбайдың отбасында дүниеге келген Абай мансап күмай, өнер мен ғылымның көшіне ілесіп, алыс қыырларды қиялмен шарлауға ынта қойды. Соңғы уақытта белгілі болып отыр: Абай би болғаны, болыс болғаны бар, 18 жыл бойына дала жұрттына «қара қылды қақ жарған» әкімнің жүтін арқалапты.

Ауыл молдасынан хат танып, орыстың бастауыш мектебінде тіл сындырған болашақ ақын қатал әкенің қалауымен окуын жалғастыра алмағаны аян. Айналасына беделі зор, құдайшыл, табанды, қайсар Құнанбай үміт күтер баласын буыны қатпай жатып, ру-рудың арасындағы тайталас күрес сырын ұға беруге бейімдейді. Бұл міндettі қайратты жас қаласа да, қаламаса да, белі қайыспай көтере білген.

Абай қайнаған өмірдің асау дариясына қайық салды. Бір кездे жер айдалып келген поляк ұлтының өкілі А. Янушкевич қазақ халқының 100 жылдан соң ен өркениетті елдер қатарынан табыларына сенім білдіріп, көріпкелдік жасаған ғой. Абай сол халықтың нақсұйеріне айналды. Ұлы ақын өз шығармаларында сахара жұртының шаруашылық, әлеуметтік, тұрмыс-салт және іс-әрекет, мінез-қылышын мактаудан гөрі надандық қамытынан арылмаған ағайынның жалқаулығы мен көрсекзызарлығын, екіжүзділігі мен сөзшендігін сынға алады. Көп ішіндегі азған қауымның алдамшы харекетін ақын келеке қылышп күлмейді, жүргегінен зар төгіп, запыран қайғысын актара сөйлейді. Абайдың өткір кекесінін, бетке шыжғырып айттар сарказмін біз бүгін жалпы адам баласына тән кенеуі мол иғлікті сарыла іздеуден туған толғаныстар ретінде қабылдаймыз. Абай «қалың елі, қазағының» сүріне басқан қадамына жаны ауырып, ақыл мен жүрек зенгірінен күйзеле жыр төгеді. Мұндай биікке ол халық қасіретіне ортақтас дархан көніл, қуатты рух пен құнарлы ойдың құдіреті арқылы қол жеткізген. Дәл осындағы аскак тұғырдан Құлтетін, Тонықөк сияқты қайран ер, дана басшы туралы мәнгі өлмес жыр қалдырған, туырлықтай ту ұстаған батыр бабалар ғана тіл қатар еді. Құллі қазақты қандас туыс, бауыр санауға жан қуаты жеткен алышп тұлғалар ғана ағайынның асылы мен жасық істерін ашына тұрып, бетке баса алады. Ол ұлтын сүймегендік бола ма? Абай өзі ғана емес, жеке назарға алынған жағдайдағы замандастары мен Сіз және Бізді де қапалы сезімнің жетегіне ілестіріп алады. Өйткені Сіз бен Біз – екінші дауыспыз. Біз – реніш, өкпеміз. Біз сезім ғана емес, оны жіті анғарып, әділ таразылаушымыз. Біз – Абайдың жақтасы, қолдаушысымыз. Ақынды жабырқатқан жай тұра біздің де көніл-күйіміз сияқты. Әлдекімдерге кінә тағатындаимыз.

Абай психолог есебінде объективті һәм субъективті байқау, пайымдау, индукция, дедукция, силлогизм, интроспекция, ретроспекция тәсілдерін жете менгерген. Оның шығармаларындағы өзге әріптестерінен өзгешелік – әдетте көзге түсे бермейтін, қарама-қайшылығы мол әрі қымбат жан сырының нәзік сезімталдықпен суреттелуі. Бұл – дүниежүзі әдебиетінің озық үлгісін етene бойға сінірумен сабактас қадам. Ол – өнеге ой-пікірдің турашылдығы, толғану барысындағы кілт бұрылыштар, сол дәуірдегі қазақ поэзиясы үшін дағдыра айналмаған қасиет: сезімнің шектен тыс шынайылығы мен айрықша батыл сөз орамдарынан байқалады.

Абай әлеуметтік әділетті жақтайды, ел арасындағы қырғықабақ тартыс пен зорлық-зомбылықты әшкерелеп сынайды. Халқының жарқын болашағын аңсаған ақын өз қандастарын әлем мәдениетінен сузындалап, білім алуға үндейді, әркімге есесі кеткен қаратабан жарлыны өмірден алар үлесін тануға жетелеп, жігерін жаниды.

Қоғамдық-философиялық, адамгершілік тақырыбына арналған өлеңдерінде ақын – аққан селден, сілкінген жерден қорықпайтындей ғажап реалист. Сол кез үшін жан түршігердей шындықты көлгірсімей, актара айтуға келгенде ол ешкімнің қас-қабағына қарамайды, өзім жаман көрінем бе деп қиналмайды:

Дос – асықтың болмайды бөтендігі,
Косылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доссыз, асықпыз дегеніміз –
Жалғандықтан жасалған көніл жүргі.
Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым жасыдым да.
Көрмеген көп дуние көл көрінді,
Кірлемеген көнілдің ашығында, –

деп, Абай алдымен қиялдағы мұрат тұтар үлгінің асыл бейнесіне қарама-қарсы шындықтың қара жүзін байқайды да, шарасыз халде ауыр күрсінеді. Байқасақ, Абай өмірді Тәнірдің сыйы тұтып, білім іздеу мен лайыкты тұрмыс құруды, оған жан сарайындағы тазалықпен жетуді кісілік деп таниды. Құран

сөзімен үндес табиғи әрі қарапайым қағиданың поэтикалық көрінісі. Бұл – Абайдың кез келген бауырына ұсынар ақыл-кенесі. Ал осындай көңіл қайшылығын барша адам сезіне ме? Сезінсе, жүргегіне жук салып, сана сергелденіне түсे ме?! Мұндай парасат білгіне шыққан ағайынның бәрі «кермек» «ойын» өлеңнің қын өрнегінен өткізе ала ма?

Абай үшін Шығыс пен Батыстың әдеби дәстүрлері ғана емес, әлемдегі діни ағымдар да жат көрінген жоқ. Ислам қағидаларын қатты қастерлейтін ол көне түркілердің Тәнірге табыну ырым-салтын да ардақ тұтады. Алайда ақынның дінбұзар дүмшес молдаларды аяусызы шенейтінін ұмытпау керек. Абай поэзиясындағы шындық іздеп, көnlі жұбаныш таппай егілетін қасіретті жанның бейнесі – діни сарындармен терең тамырлас. Ағартушы-демократ ғұламаны кешегі ер мінез көшпендердің бүтінгі қарандылығы мен қайрансыздығы капаландырады. Қандас бауырларының қолында билігі бар әркімнің жетегінде кеткен талайсыз тағдыры толғандырады.

Абай поэзиясы – ұлы мейірімгердің рухани қажеттілігінен туған, қансыраған қайғылы жүргегінің шежіресі. Қайрат-жігер, нұрлы ақылға толы бұл жырларда қазақ халқының дүниетанымдық, психологиялық ерекшеліктері қаратунек бояуларға ғана малынып көрінбейді, жалпы адамдық ігіліктерге ұмытылыс үстіндеге бейнеленеді. Көркем сөздің сандалкөрі торығу бұлтын серпіп тастанап, бәріне тәжаппар парасат бигінен көз салатыны бар:

Картайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұндаасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көнілді көтеріп болады ермек?
Жас – қартаймақ, жоқ – тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Жер басқан жұмырбасты пендे әлемнің қайталанбас сәттерін алғаш сезген күннен бастап өмір сүріп келе жатқан философиялық мәселелеге Абай ғылым назарымен баға беретіндей. Өйткені ол

Дарвин, Спенсер, Декарт, Бэкон еңбектерімен кеңінен таныс. Ақ жүзін кір шалған нәзік мұң ба? Ғажап табиғаттың қатыгез үкімін сезінуден туған құрсініс пе? Осынау жұмбағы мол курделі тіршіліктің алып толқындарымен алыса жүріп, Абай:

Олсе, өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтыш келіп, ойнап-кулмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырган.
Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.
Өлді деуге сия ма, айттындарын,
Олмейтүгін артына соз қалдырган, –

деп тағы бір алуан толғанысқа кетеді. Абайдың уақыт туралы тұғырнамасы жаратылыс құрылымынан мол хабардар адамға тән ойга, әлеуметтік, физиологиялық заңдылықтар сырын анық тануға негізделген. Тағдыр ұтымы философиялық деңгейге көтеріледі. Бар пейіл-ынтастымен бір Аллаға сыйыннатын хакім адам дүниетанымындағы ең басты сауалға айқын жауап тапқандай.

Ұлы Абай жаратылыстың мойын бұрғызбас қатал қағидасын мойындай тұрып, қайғының қара тұманын шақыру себебін өзі де білмейтіндей. Сұнғыла санаткер біртұтам шолақ өмірді мәңгілік көріп, әдеттегі жабайы инстинктінің құшағынан шықпай, аз-кем құштарлық ұысында қалатын, жамандықты ұмытпайтын, жақсылыққа жуытпайтын сүм-сүркія пенделердің жетесіздігіне назаланады. Абай санасының астарындағы ырықсыз сәт деп адамның шетсіз, шексіз әлем алдындағы дәрменсіз бишаралығына дағдару сезімін атаса болар еді. Ақын мұнды мен қасіреттінің сырт себептерінен басқа, көзге көрінбес, қыл қобызыша сарнаған ішкі эмоциялық арқауы да осы, бір келген жарық дүниенің жалт бергіш опасыздығынан туған ба екен? Корқыт бабаның зарын Абай неге бастан кешпесін. Асан атанды арманын Абай неге бауырына баспасын. Адам емес пе! Бір еменнің бұта, тамырлары емес пе! Абай жырларындағы уайым, арман сарынының түбірі ұлттық поэтикалық, фәлсапалық сана бастауларынан көз алады. Сатира, сыншылдық – трагедиялық жағдайдың ашынған көрінісі ғана.

Сагаттың шықылдагы емес ермек,
Һәмиша өмір етпек, ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Отті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сагаттың өзі үұры шықылдаган,
Өмірді білдірмеген, күнде үрлаған.
Тишинақ жоқ, түрлау жоқ, келді, кетті.
Қайта айналмас, бүрүлмас, бұлдыр заман, –

деп дала кеменгері неге торығады? Ой да таныс, кейбір сөздер де қайталанады. Тағы да «тағдыр» – бас тұлға. Тапқыр метафора сагаттың қызметіне байланысты өрістейді. Ақын зымыран уақыттың тасбака қымылынан қарама-қайшылық байқағанмен, тұтас үйлесім заңдылығын барлайды. Ол адам үшін тиімді емес. Уақыттың қымбаттылығы сонда, ел-жүртіна, тұрмыс-салтқа өкпелі Абай, қайсар Абай өзіне жат «бұлдыр заман» елесін жанары мен көкіргенен құғысы жоқ. Абай жырларының тақырыптық асасы кен. Өмірдегі тарихи-әлеуметтік, құқық, мораль мәселелері философиялық тереңдік, ашы мысқыл тілімен суреттеледі.

Сырттансынбак, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен топ жинап болек-болек.
Арамдықпен бар ма еken жиннан аспак,
Өзімен-өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек?
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?!
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек, –

дегенде Абай баяғы ауылдағы жинақталған шындық суреттерін өткір де сергек кестелейді. Жалған данғазалық, аяғы көрінген құлық қана емес, «жұмысы жоқ, қолы бостықтан» сенделген бозбала жастың өнерсіз, кәсіпсіз, арзан тірлігіне де күйіне назалану бар.

«Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар» деп түсіністін ақынның көңіл-күй лирикасы қалыптасқан дәстүрден аттап, классикалық дәрежедегі үздік өрнектермен көмкерілген. Табиғат туралы өлеңдеріндегі оқысташ табылған жүйрік теңеу, кейіптеу, психологиялық егіздеу мысалдары өзгеше әсерлі.

Айналамыздағы сұлу дүниеге жан бітіп, әсем де мәнді қозғалыс, қымылға көшеді.

«Ескендір» поэмасында ақын атақты жиһангерт, қолбасшы Александр Македонский тұлғасын жаңаша пайымдаған. Македонский бейнесі аныз сілеміне оранған мұнарлықейіпте көрінбейді. Абай әйгілі жауынгер эміршінің шектен тыс менмендігін, адам қанын селдей ағызған жыртқыш қасиетін реалистік түрғыда суреттейді. Жидебай баурайында ғұмыр кешкен ұлы ойшыл болмыстың таусылмас жұмбақ сырлары туралы философиялық, этикалық, эстетикалық, психологиялық тұжырымдарын «қара сөз» түріндегі трактаттар арқылы жеткізеді. Ол пікірлер қазіргі таңда да өзінің жоғары ғылыми-көркем сапасын жоғалтқан жоқ. Шығармаларын Абай аударған Пушкин мен Лермонтов қыран көктегі құдіретті тұлғасынан бір мысқал айныған емес. Өкінішке орай, Абай біз білетін таңғажайып, асқақ кейпін таба алмайды. Әрине, бұл тұста тәржіма ісіндегі ерекшеліктерді, әр халықтың өзгеше дара поэтикалық ойлау жүйесін толық қамту қыын міндет екенін ескерту қажет. Ақын стилінің терен мағынасы мен күрделі бейнелілігі, ол жазған өлеңдердегі құбылту, айшықтау амалдарының әсемдігі мен мәнділігі, тосын сұлупығы, фольклорлық үлгілермен жанды жарасымы, жалпы Абай поэзиясының кеуделі эстетикалық мәдениесті – бүгінгі қазақ әдебиеті үшін де қайталанбас құбылыс, алынбас аскар.

Текі тұқымнан шыққан, сый-құрметке малынған Абай әділдік пен адалдық жолында дала аксүйектерімен арадағы қимастай қызық қарым-қатынасын үзеді. «Атаның ұлы болма, Адамның ұлы бол», «Бірінді, қазақ, бірің дос, Көрмесен, істің бері бос», - дейді ғазиз Абай. Ақын жырларындағы ұлттық тұрмыс көріністерінен өріс алатын поэтикалық, дидактикалық ой-толғаныстар жалпы-халықтық мазмұнға толы. Абай дүниетанымында тарихи сипат мол. Абай өмір құбылыстарына диалектикалық биіктен қарайды.

Орыс қоғамындағы озық философиялық көзқарастың әсер-ықпалын бастаң өткерген Абай «сегіз қырлы, бір сырлы» тұтас тұлға ретінде қалыптасады. Бұл халыққа деген шынайы маҳаббат нәтижесінде Татьяна мен Онегин, мұңды тәқаппар Лермонтов жырлары қазақ елінің рухани өмірінен қастерлі орынға ие

болды. Абай ауылында дүниежүзілік өркениетті құдірет тұтумен тамырлас аса ізгілікті әдеби мектеп пайда болғаны мәлім. Абайдың рухани мұрагері, немере бауыры, тамаша ақын ері философ Шәкәрім Құдайбердіұлы Толстоймен хат жазысып тұрады, сонау қияндағы Ясная Полянаға барып қайтады.

Қаласаңыз да, қаламасаңыз да, көпке аян бір жұтаң шындық бар: неге екені белгісіз, елден иығы үстем даналар әр кезде оқшau қалып, жалғыздың күйін кешеді. Абай да «моласындай бақсының» жеке күніренген сәттерден ада емес. Абай XX ғасырдың басында көз жұмды. М. Әуезов айтқандай, «Ұлы қеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып акқан дариядай игілік өмір үзілді». Ал оның ауқымы кең, аспан аялы идеялары, кескекті тілі, айышықты суреттері, туған халқы өрге сүйрекен өршіл арманы қазір де тірі. Біздің санамыз қайсыбір шақтарда сол ойлармен бірге тербеледі. Біз Абайды мақтан тұтамыз. Өйткені қайта оянған, өз перзентінің арман-мұңын, дана ақылын дұрыс түсінген, өсер өрісі зор әрбір ұлт алыс көкжиеекке қажырлы үмітпен көз салады.

Көркем сөздің зергері, ыстық жүргегіне Абай есімімен серт жазып кеткен ұлы Мұхтар Әуезов ақын шығармаларының ерен көркемдігі мен ұлттық сипатын айта келіп: «Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы – Абайдың азбас-тозбас даңқының ең ірі айғағы, міне, осында», – деп әулиедей ақықатты тебірене жариялаған еді. Біз ол ойларға, Абайдың ұлылығына әрдайым бас иеміз.

ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкұлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкұлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жынын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны	213
Бельгер Г. Абай мен Гете	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек	240
Егерубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі	267
Түсініктер	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IV том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8879

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылды, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.